



2022 қазан

Баға барометрі

Мазмұны

■	Негізгі тұжырымдар	3
■	Тәуекелдер мен келешектер	4
■	Әлемдік тренд	5
■	Ішкі инфляция	7
■	Азық-түлік инфляциясы	9
■	Азық-түлік емес инфляция	11
■	Ақылы қызмет инфляциясы	14
■	Өңірлік инфляция	17

Негізгі тұжырымдар



Ғаламдық экономикада инфляциялық қысымның әлсірей бастағаны байқалады. Өйткені тұтынушылық сұраныс төмендеуде. Әлемдік экономиканың даму келешегі бұлыңғыр бола түсті.



Бағалардың жылдық өсу қарқыны 18.8%-ға жетті. Тұтыну қоржынының барлық бөліктері қымбаттады. Базалық инфляцияның көрсеткіші жалпы мәннен жоғары. Бұл инфляциялық үдерістердің кең және тұрақты сипатқа ие екендігін көрсетеді.



Көкөністер мен жемістердің маусымға байланысты арзандауы тоқтады. Олардың инфляцияны бәсеңдетуге бағытталған әсері де басылды. Соған байланысты азық-түлік инфляциясы қайтадан өрши бастады. Ал азық-түлік емес және сервистік инфляция бәсеңдеді.



Халықтың инфляциялық болжамы нашарлап, инфляцияның нақты деңгейінен асып түсті. Демек, қазақстандықтар инфляцияның көп ұзамай бәсеңдейтіні туралы пікірлерін өзгертті. Енді бағалардың ұзақ уақыт – кемінде 1 жыл бойы өсетіндігін күтеді.



Инфляциялық болжамдар нашарлап жатыр. Бұл Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеме бойынша шешім қабылдауға қатысты риторикасы және белгіленген тәсілдері аясында монетарлық шарттарды қатаңдатуға негіз болатын факторлардың бірі.



Жақын болашақта біздің болжамымыз бойынша тұтыну бағаларының негізгі қозғаушы күші азық-түлік болады. Ішкі бағаларға өзіндік өндіріс көлемінің жеткіліксіздігі және азық-түліктің бүкіл әлем бойынша қымбаттауы әсер етуі мүмкін. Бірқатар елдердің өзіндік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылуы азық-түліктің қымбаттауына әкеп соғуы ықтимал.



Қазан айында тұтынушылық бағалардың өсуі Jusan Analytics-тің болжамдарына сәйкес келеді. Біздің болжам бойынша ағымдағы жылдың соңында инфляция 20.8-21.3%-ға дейін көтерілуі мүмкін.

Тәуекелдер мен келешектер

Ағымдағы геосаяси жағдайларға талдау жасайтын болсақ, біздің болжам бойынша 2023 жылдың соңына дейін кең көлемді инфляциялық қысым сақталады. Сонымен қатар рецессиялық үдерістер де белең алады. Күз басталғалы әлемдік тауар нарықтарында дәнді дақылдар қымбаттап жатыр. Соның салдарынан сыртқы азық-түлік инфляциясы тағы да өршуі мүмкін. Өйткені оған деген ұсыныстар азайып, сұраныс біртіндеп артуда.

Азық-түлік нарығында ұсыныстардың азайып жатқандығын жиналған астық бойынша көрсеткіштердің нашарлап жатқанына және астықты жеткізудегі мәселелерден байқаймыз. Оның үстіне елдер өздерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылуда. Бұл әлемдік бағалардың өсуіне әкеп соғуы мүмкін. Әрине, бұл азық-түлік өнімдерінің ішкі бағасына сөзсіз әсер етеді.

Мұнайдың қазіргі бағасының қазіргі деңгейде сақталуының негізгі факторлары – мұнай қорының аздығы және қыстың басында оған деген сұраныстың артуы. Егер баға осы қазіргі деңгейінде сақталатын болса, мұнайлық табыстың өсіп, импорттық бағалалардың инфляциялық қысымы одан жалғасады деп күтуге болады. Бұл отандық экономиканың келешегі бойынша болжамдардың көңіл көншітпей тұрған шақта мемлекеттік шығындардың одан әрі өсуіне әкеп соғады.

Көтеріңкі инфляциялық қысым (ЕО-да – инфляцияның қос мәнді санға жетуі, Ресейде – басылық инфляцияның өсуі, сондай-ақ санкциялық және геосаяси қиындықтар) және тауар жеткізудің ғаламдық жолдарында жағдайдың қиындауы, сондай-ақ теңгеге түсетін ғаламдық қысымның артуы сыртқы факторлардың еліміздің ішкі инфляциялық жағдайына кері әсерінің сақталуына септігін тигізеді.

Инфляциялық болжамдар инфляцияның ағымдағы деңгейінен жоғары. Ол халықтың тұтынушылық мінез-құлқына тікелей әсер етіп, оларды сатып алулар жасауға және күрделі жұмсалымға итермелеп жатыр. Осы ретте табысы төмен және жинақ ақшасы жоқ үй шаруашылықтарына түсетін бағалық қысымның салдарынан әлеуметтік қолдауды кеңейтуге және шығындарды тұтынушылық несие берумен ауыстыруға деген сұраныс қалыптасады.

Бұдан басқа, жекелеген тауар нарықтарында сұраныс пен ұсыныс арасында теңсіздік пайда болып, инфляцияның күшейіп кету қаупі сақталады.

Жалпы тұтынушылық бағалардың өсімі Jusan Analytics-тің болжамына сәйкес келеді. Еске саламыз, біздің болжам бойынша инфляция биылғы жылдың соңына қарай 20.8-21.3%-ға дейін көтеріліп, 2023 жылдың соңына қарай 9.0-9.5%-ға дейін бәсеңдейді. Бірақ бұл инфляция бойынша мақсатты деңгейден бәрібір жоғары.

Әлемдік үрдіс

Қазан айында **сыртқы инфляциялық жағдай негізінен біршама төмендеді. Қытайда инфляция соңғы алты айдан астам уақыт ішінде ең минималды өсу қарқынына дейін төмендеді – ж/ж 2.1% (а/а 0.1%)**. Бұған екі фактор себеп болып отыр: 2021 жылдың жоғары базасы және тұтынушылық сұраныстың төмендеуі.

АҚШ-та тұңғыш рет дезинфляциялық құбылыс байқалды. Қазан айында АҚШ-та тұтыну бағалары (CPI) жылдық тұрғыда 7.7%-ға дейін бәсеңдеді. Бұл тұңғыш рет нарық болжамынан (7.9%) және 2022 жылдың басынан бері ең төмен көрсеткіш (қыркүйекте – 8.2%).

Тұтынушылық инфляцияның базалық көрсеткіші болжамдық деңгейден (6.5%) төмен: 6.3%. АҚШ-та жалпы инфляцияның негізгі көрсеткіші – ол америкалық өндірушілер бағаларының индексі (PPI). Сол жылдық есепте 8.0%-ға көтерілді (қыркүйекте 8.5%). Бұл да болжамды көрсеткіштен жоғары. Бұл макро көрсеткіштердің серпіні жақын болашақта монетарлық шарттарды белсенді түрде қатаңдату саясатының жұмсаруы мүмкін екендігін білдіреді.

Ресейде ресми деректер бойынша инфляция бәсеңдеген – жылдық есепте 12.6% (а/а 0.2%). Бұған сұраныстың төмендегені және тауарлар тапшылығының туындауына байланысты инфляциялық үдерістерде жасырын сипаттың белең алуы себеп болды.


Азық-түліктің әлемдік бағаларының индексі 7 ай қатарынан төмендеуде. 7 ай ішінде азық-түлік бағалары ең жоғары шектен 15%-ға дейін төмендеді. Осы ретте дәнді дақылдардың бағасы керісінше өсіп жатыр. Бұған жиналатын астықтың көлемі бойынша көрсеткіштердің күтілген деңгейден төмендігі және Қара теңіз астық мәмілесі айналасындағы түсініксіздік себеп болды.

Қаржылық шарттардың тұрақты өсіп жатқан бағаларға қарсы өктем және шапшаң түрде қатаңдатылуы әлемдік экономикада жиынтық сұранысқа жағымсыз әсер етті. Бұған ғаламдық өсімнің 2021 жылы 6%-дан қазіргі 3.2%-ға дейін бәсеңдегені дәлел бола алады.

ФАО Азық-түлік бағалары индексі

(2014-2016=100, пункты)

Дереккөз: БҰҰ Ауыл шаруашылығы және азық-түлік ұйымы



Әлемдік үрдіс

Қазан айында тауарлар жеткізу жолдарындағы қысым соңғы бес айда төмендеген болатын. Енді өсті. Бұл Тайваньға тауар жеткізу және Тайваньда сатып алулар жасау мерзімі, Азиядан шығатын әуе тасымалдары және Ұлыбританияда аяқталмаған тапсырыстар тарапынан болып жатқан жоғары қысым себеп болды. Айта кетелік, бұл қысым Нью-Йорк Федералдық резервтік банкінің тиісті индексімен өлшенеді.

Бұл ретте **контейнерлік жеткізілімдер индексі** (Drewry's composite World Container Index) қыркүйекпен салыстырғанда 20%-дан астамға төмендеп кетті.

Мұны Қытайға және Қытайдан жүк тасу бойынша халықаралық мөлшерлеменің арзандағанымен түсіндіруге болады. Америка мен Еуропа елдері арасындағы жүк тасымалының бағасы Қытайдағы төмендеумен салыстырғанда шамалы ғана өсімді көрсетті. Қытайдың нөлдік төзімділік саясаты, соңғы кезде оның аздап жұмсарғанына қарамастан, тауар жеткізу жолдарын қиындатады және контейнерлік тасымалға қатысты сұраныстың төмендігіне байланысты мөлшерлемені өсіре түседі.

Жеткізу тізбегіндегі Қысым индексі¹


(орташадан стандартты ауытқулар саны)

Дереккөз: www.newyorkfed.org



Drewry әлемдік контейнерлік жеткізілімдер индексі

Дереккөз: www.en.macromicro.me



Ішкі инфляция

ҰСБ деректеріне сәйкес қазан айында тұтыну бағалары жылдық тұрғыда 18.8%-ға дейін көтерілді. Инфляция қарқыны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есе жылдам және Ұлттық Банктің мақсатты дәлізінен екі есе жоғары.

Тұтыну инфляциясы тұтыну дорбасының барлық бөлімдері бойынша өсіп жатыр:

- Азық-түлік тауарлары – 23.1% (қыркүйекте 22.2%);
- Азық-түлік емес тауарлар – 17.9% (17.0%);
- Ақылы қызметтер – 13.5% (12.3%).
- Базалық инфляция 21.0%-ға жетіп, көтеріңкі деңгейде қалыптасып жатыр.


Яғни инфляцияның жалпы көрсеткішінен жоғары және ол экономикада инфляцияның тұрақты және жоғары сипатқа ие екендігін білдіреді.

Халықтың инфляция бойынша болжамы көңілсіз сипатқа ие. Күтілетін инфляцияны квантификациялық тұрғыда бағалау бір жылдан кейін 19.0%-ға (қыркүйекте 16.5%) өсті. Бұл тұтыну инфляциясының нақты мәнінен жоғары. Демек халық инфляциялық үдерістердің уақытша сипатқа ие екендігі туралы пікірін өзгертті деген сөз. Олар енді бағаның кемінде бір жыл көлемінде тұрақты өсетіндігін күтеді.

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Jusan Analytics есептеулері

Тұтынушылық инфляция¹


(жылдық тұрғыда, %)



Базалық инфляция²

(жылдық тұрғыда, %)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



¹ Тұтыну инфляциясының құрамдас бөліктерінің серпіні олардың тұтыну себетіндегі салмақтық коэффициентіне қарай түзетілді


² Базалық инфляция, көкөністер мен жемістер, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, темір жол көлігі, байланыс, бензин, дизель отыны және көмір

Ішкі инфляция

Тұтыну инфляциясы жылдық тұрғыда және инфляциялық болжам

(%)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, ҚРҰБ



Қазан айында айлық инфляция 1.6%-ды құрады (қыркүйекте 1.8%). Инфляция қарқыны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 еседен астамға жеделдеді.

Инфляцияның құрамдас бөліктерінің өсу қарқыны бірқалыпты бола түсті. Бұл ретте олардың тұтыну дорбасында алатын салмақтық ара-қатынасы ескерілді:


Қазан айында инфляциялық ортаны қалыптастырудың негізгі көзі азық-түлік тауарлары болды. Өйткені тұтыну дорбасының көп бөлігін солар алады. Ал сервистік инфляция бәсеңдеді.

- Азық-түлік тауарлары – 1.4% (үлестік салмағы 0.6%), қыркүйекте – 1.2%;
- Азық-түлік емес тауарлар – 1.7% (0.5%), қыркүйекте – 1.9%;
- Ақылы қызметтер – 1.7% (0.5%), қыркүйекте – 2.7%.

Тұтыну инфляциясы

(%-бен, айдың өткен айға қатысы)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Jusan Analytics есептеулері



Азық-түлік инфляциясы

Тамақ өнімдері бағасының өсімі бір ай ішінде (а/а) 1.4%-ды, ал жылдық тұрғыда (ж/ж) 23.1%-ды құрады. Тамақ өнімдері бөлігінің тұтынушылық бағалардың жалпы деңгейіне қосқан үлесі а/а 0.6 п.т.-ны құрады (ж/ж 9.4 п.т.).

Тамақ өнімдерінің басым бөлігінің бағаларының өсуі бір ай бойы бәсеңдеді. Кейін қайтадан қарқын ала бастады. Бұған көкөніс пен жемістердің жаз бен күз айларында арзандайтын маусымының аяқталғандығы әсер етті.

Өндіріс шығындары көбейіп жатыр. Соған байланысты мал шаруашылығының негізгі өнімдері: еттің көптеген түрлері, сүт өнімдері және тауық жұмыртқасының бағалары одан әрі қымбаттауда.

Өндіріс шығындарының өсуіне бірнеше себеп бар. Олардың ішінде жемшөптік дақылдар бағасының қымбаттауын айтуға болады.

Өйткені ішкі егістік алқаптардың азаюына байланысты жемшөптік дақылдар жеткілікті көлемде өсірілмейді.

Сонымен қатар минералды тыңайтқыштар бағасы, импорттық жемшөптерді сатып алу және тасымалдау шығындары, вакцина мен тиісті жабдықтар бағасы өсті.


Геосаяси шиеленістер және астық түсімі бойынша көрсеткіштердің көңіл көншітпеуі инфляцияның қысымын күшейте түседі. Бұл әсіресе азық-түлік нарығында қатты байқалады. Өйткені олардың тұтыну дорбасындағы үлес салмағы жоғары.

Одан басқа тамақ өнімдерінің бағасы арадағы делдалдардың себебінен де қымбаттап жатыр. Неге десеңіз, азық-түлік тауарлары дүкенге түскенге дейін талай қолдан өтіп, қымбаттай береді.

Азық-түлік инфляциясының серпіні

(жылдық тұрғыда, %)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



Азық-түлік инфляциясы

Азық-түлік инфляциясының серпіні

(%-бен)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Jusan Analytics есептеулері

құрамдаушы бөліктер	өзг.	соңғы 12 ай ішіндегі серпін	инфляция 2022 қазан	2021-2021 жж. қазанындағы инфляцияның орташа деңгейі	2022 жылғы инфляция деңгейі		
					максимум	минимум	орташа
азық-түлік тауарлары	а/а		1.4	0.8	5.8	1.0	1.9
	ж/ж		23.1	10.4	23.1	9.9	17.7
нан-тоқаш бұйымдары және жарма	а/а		1.7	1.0	4.4	0.7	2.7
	ж/ж		32.1	11.5	32.1	9.1	21.1
ет (ет өнімдерін қосқанда)	а/а		1.1	0.7	2.9	0.3	1.4
	ж/ж		15.9	11.2	15.9	10.5	13.8
балық және теңіз өнімдері	а/а		2.3	0.8	3.6	1.0	2.1
	ж/ж		24.3	10.8	24.3	9.3	16.8
сүт өнімдері	а/а		1.7	0.8	4.6	0.4	2.4
	ж/ж		28.2	7.5	28.2	7.1	18.3
жұмыртқа	а/а		6.3	7.0	7.5	-6.8	1.3
	ж/ж		14.8	13.2	15.8	-8.7	2.2
өсімдік және жануар майы	а/а		1	1.5	4.2	0.2	1.9
	ж/ж		20.6	15.4	20.6	14.1	17.0
жемістер мен көкөністер	а/а		1.3	0.2	13.9	-4.7	1.1
	ж/ж		14.6	11.6	27.6	11.4	14.3
қант және конд. бұйымдар	а/а		0.1	0.6	13.3	-0.6	3.7
	ж/ж		43.8	7.8	46.7	11.0	32.6

Азық-түліктік емес инфляция

2022 жылдың қыркүйегінде азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі жылдық есепте (ж/ж) 17.9%-ды құрады (қыркүйекте 15.5%). Оның тауарлар тобының тұтынушылық бағалар өсімінің жалпы деңгейіндегі алар үлесі 0.5 п.т. тең (5.4 п.т.).

Коммуналдық қызметтер, үй-жайларды жалға беру бағаларының қымбаттауының жағымсыз салдары, сондай-ақ жыл басынан бері теңгенің шетел валюталарына қатысты әлсіреуі және тауарларды жеткізу жолдарындағы қиындықтар азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасын қымбаттатып жатыр.

Бұдан басқа, жүктерді тасымалдау, қоймалау және өңдеу қызметтері де азық-түліктік емес инфляцияны үдете түсуде. Сонымен қатар бағаның өсуі импорттық құрамы жоғары тауарларда,

әсіресе жеке пайдалануға арналған тауарларда, жуғыш және тазартқыш заттарда, тұрмыстық аспаптар мен дәрі-дәрмектерде байқалды.


Азық-түліктік емес инфляцияның бәсеңдеуіне азық-түлікке жатпайтын кейбір тауарларға қатысты орын алған дефляция әсер етті.

Жылдық тұрғыдан алғанда азық-түлікке жатпайтын тауарлардың арасында сұйылтылған газ, дизель отыны және автокөлік құралдары әжептеуір арзандады. Бұл жерде отын мен газға қатысты әкімшілік шектеулер негізгі факторға айналды. Сондай-ақ халықтың өмір сүруге қажетті маңызды тауарлар бағасы шарықтап тұрған шақта ірі және қымбат бағалы заттар сатып алуға деген құштарлығының бәсеңдей бастағаны да әсер етті.

Азық-түліктік емес инфляция серпіні

(жылдық тұрғыда, %)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



Азық-түліктік емес инфляция

Динамика непродовольственной инфляции

(в %)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Jusan Analytics есептеулері

құрамдаушы бөліктер	өзг.	соңғы 12 ай ішіндегі серпін	инфляция 2022 қазан	2021-2021 жж. қазанындағы инфляцияның орташа деңгейі	2022 жылғы инфляция деңгейі		
					максимум	минимум	орташа
азық-түлікке жатпайтын тауарлар	а/а		1.7	0.7	2.8	0.3	1.5
	ж/ж		17.9	6.3	17.9	8.5	12.9
сыртқы киім	а/а		2.1	0.5	2.1	0.3	1.3
	ж/ж		14.6	5.5	14.6	4.9	9.0
тұрмыстық аспаптар	а/а		2.1	0.8	13.5	-5.8	2.4
	ж/ж		27.1	7.5	27.8	10.2	20.6
жуғыш және тазартқыш заттар	а/а		5.0	0.4	5.0	0.8	3.2
	ж/ж		37.8	7.8	37.8	6.2	19.5
дәрі-дәрмектер	а/а		1.6	0.4	1.7	0.4	1.2
	ж/ж		13.3	6.5	13.3	3.3	8.5
автокөлік сатып алу	а/а		0.6	1.5	3.5	-0.4	0.9
	ж/ж		11.3	10.1	19.9	11.3	16.3
Personal use goods	а/а		2.1	0.5	5.2	0.7	2.8
	ж/ж		33.1	7.0	33.1	5.8	19.9
сұйытылған газ	а/а		0.6	6.4	2.9	-0.4	0.6
	ж/ж		-10.4	17.7	5.3	-10.4	-1.7
дизель отыны	а/а		0.1	16.6	0.7	-1.3	-0.1
	ж/ж		12.5	24.4	44.7	12.5	37.2

Сервистік инфляция

Қаралып жатқан айда көрсетілетін қызметтер бағасының өсімі 1.7%-ды (а/а) құрады (ж/ж 13.5%). Сервистік инфляция жалпы тұтынушылық инфляция деңгейінің 0.5 пайызын құрайды (3.9 п.т.).

Сервистік инфляция өткен аймен салыстырғанда айтарлықтай бәсеңдеді. Бірақ соңғы 15 жыл ішінде әлі де рекордтық деңгейде және 2022 жылдың қазан айының қорытындысы бойынша өсу қарқыны жағынан тұтыну инфляциясын басып озады.

Бір ай ішінде әсіресе тұрғын үйді жалға беру және қонақ үй қызметі нарықтарында баға әжептеуір өсті. Бұған тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бағасының өскендігі және көрші елде ішінара

әскерге шақыру шарасы аясында ресейлік азаматтардың Қазақстанға жаппай келе бастауы себеп болды.


Тұрғын үй күтімі мен электр қуатының тарифы қымбаттауда. Өйткені биыл жазда электр қуатын жеткізушілер көрсетілетін қызметтердің бағасын жоспарлы түрде көтеретіндіктерін жарияланған болатын. Бұған жөндеу және желіге қызмет көрсету шығындарының өсуі себеп болған еді. Осы ретте суық су, су тарту және қоқыс шығару тарифтері төмендеп жатыр. Сондай-ақ жылу беру маусымына қарамастан, жылу және ыстық суға қатысты тарифтер де арзандады.

Ал амбулаторлық ем-дом жасау, жолаушыларға көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ жаппай ойын-сауық және қоғамдық тамақтандыру қызметтерінің бағасы өсуде.

Сервистік инфляцияның серпіні

(жылдық тұрғыда, %)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



Сервистік инфляция

Сервистік инфляцияның серпіні

(%-бен)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Jusan Analytics есептеулері

құрамдаушы бөліктер	өзг.	соңғы 12 ай ішіндегі серпін	инфляция 2022 қазан	2021-2021 жж. қазанындағы инфляцияның орташа деңгейі	2022 жылғы инфляция деңгейі		
					максимум	минимум	орташа
Ақылы қызметтер	м/м		1.7	0.4	2.7	0.6	1.2
	г/г		13.5	3.8	13.5	6.8	9.5
Тұрғын үйді жалға беру	м/м		5.1	1.1	13.1	0.1	3.7
	г/г		46.3	18.5	46.3	20.7	27.4
Тұрғын жайға қызмет көрсету және жөндеу	м/м		1.8	0.1	5.4	0.0	1.4
	г/г		16.6	1.6	16.6	4.0	7.1
Амбулаторные услуги	м/м		1.4	0.4	3.5	0.5	1.5
	г/г		16.2	6.5	16.2	5.5	12.2
Жолаушы көлігі қызметі	м/м		0.2	0.1	2.4	-0.8	0.5
	г/г		5.8	3.6	5.8	4.0	5.1
Білім беру	м/м		0.5	0.3	7.9	0.1	1.3
	г/г		13.9	4.6	13.9	8.1	10.6
Мейрамханалар мен қонақ үйлер	м/м		6.0	0.1	6.0	0.2	1.2
	г/г		13.0	3.8	13.0	5.3	6.7
Қоғамдық тамақтандыру қызметі	м/м		2.2	0.6	3.9	0.3	1.8
	г/г		20.3	7.0	20.3	6.1	14.3

Өңірлік инфляция

Жылдық инфляция Қазақстанның өңірлері тұрғысынан алғанда 16.8-22.7% пайыз ауқымында болды.

Ең жоғары өңірлік инфляция Маңғыстау облысында байқалады – 22.7%. Себебі мұнда еліміз бойынша тамақ өнімдері бағасы рекордтық көрсеткішке – 30.8%-ға өсті. Ал бағалардың ең аз өскені Жамбыл облысында тіркелді. Мұнда тұтыну инфляцияның барлық тармақтары орташа республикалық көрсеткіштерден төмен.

Ең жоғары өңірлік шашыраңқы көрсеткіштер азық-түліктік емес инфляцияда сақталды. Оның ең төмен өсу қарқыны Алматы қаласында тіркелді - 15.3%. Екінші орында Алматы облысы – 15.1%. Ал Астанада азық-түлікке жатпайтын тауарлар еліміздің басқа өңірлеріне қарағанда барынша қымбаттады (28.7%).

Қазан айында бағалардың ең жоғары өсу қарқыны Астана (1.8 п.т.) мен Шымкентте (2.0 п.т.) тіркелді.

Бұл жерде Астанада өсу қарқыны тұтыну себетінің азық-түлікке жатпайтын бөлігінің, ал Шымкентте азық-түлік бөлігінің қымбаттауына байланысты орын алды.

Өткен қыркүйек айымен салыстырғанда жылдық тұрғыда тұтынушылық бағалардың ең төмен өсімі Ұлытау, Түркістан, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркелді.

2022 жылдың қазанында бұған дейін айлық тұтыну инфляциясының өсу қарқыны жоғары өңірлерде инфляцияның біршама бәсеңдегені байқалады (Астана қ., Маңғыстау, Ақмола, Алматы, Қарағанды және Ұлытау облыстары). Ал бұған дейін айлық инфляциясының өсу қарқыны төмен өңірлерде керісінше үдей бастаған (Шымкент қ, Қызылорда және Жетісу облыстары).


Айтарлықтай өңірлік экстремумдардың бар екендігіне қарамастан, бұл екі құбылыс өңірлерде инфляциялық үдерістердің біртекті болуына септігін тигізеді

Өңірлік инфляция серпіні

(жылдық есепте, %)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы: 18.8



Жалпы республикалық бағалармен салыстырғанда өңірлердегі бағалар

Төмен



Жоғары


Астана қаласы 21.8
Алматы қаласы 18.8
Шымкент қаласы 18.5

Тұтыну инфляциясының айлық өсімінің айырмашылығы

(2022 жылдың қыркүйегі мен қазаны арасында, п.т.-пен)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы: -0.2



Өңірлік инфляция

Өңірлік тұрғыдағы тұтыну инфляциясы

(%-бен)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы

	ақылы көрсетілетін қызметтер		азық-түлік тауарлары		азық-түлікке жатпайтын тауарлар		ақылы қызметтер	
	ж/ж	а/а	ж/ж	а/а	ж/ж	а/а	ж/ж	а/а
Қазақстан Республикасы	18.8	1.6	23.1	1.4	17.9	1.7	13.5	1.7
Абай облысы	19.5	1.4	23.4	1.3	19.2	1.5	14.4	1.3
Ақмола облысы	19.9	1.3	24.4	1.5	19.0	1.3	14.3	1.1
Ақтөбе облысы	18.4	1.6	25.3	1.3	17.3	2.0	9.7	1.7
Алматы облысы	16.9	1.6	21.9	0.9	15.1	1.3	11.6	2.9
Атырау облысы	17.7	1.0	22.3	0.8	17.8	1.1	11.0	1.2
Батыс Қазақстан облысы	18.4	1.7	22.1	1.4	17.3	1.6	14.2	2.2
Жамбыл облысы	16.8	1.3	22.5	1.5	16.0	1.3	9.8	0.9
Жетісу облысы	18.4	1.4	23.8	0.9	17.2	1.2	11.9	2.5
Қарағанды облысы	19.4	1.7	23.2	1.6	18.1	0.9	15.6	2.7
Қостанай облысы	18.5	0.8	22.8	1.0	17.1	1.2	14.0	0.1
Қызылорда облысы	18.3	2.2	22.8	1.7	18.8	3.2	11.4	1.8
Маңғыстау облысы	22.7	1.5	30.8	1.8	18.2	1.2	15.6	1.3
Павлодар облысы	18.1	1.7	22.8	1.2	17.4	1.9	12.2	2.2
Солтүстік Қазақстан облысы	18.6	1.4	23.2	1.5	17.5	1.8	13.2	0.7
Түркістан облысы	17.7	1.1	22.2	1.0	17.7	2.2	11.4	0.3
Ұлытау облысы	19.6	0.8	22.4	1.5	19.5	0.6	15.7	0.1
Шығыс Қазақстан облысы	19.0	1.0	22.5	1.0	19.7	1.1	13.2	1.0
Астана қаласы	21.8	2.1	22.7	2.0	28.7	2.6	13.2	1.7
Алматы қаласы	18.8	1.9	22.2	1.4	15.3	2.2	17.5	2.2
Шымкент қаласы	18.5	2.3	24.4	3.0	16.6	2.0	11.9	1.5

Жалпы республикалық бағалармен салыстырғанда өңірлердегі бағалар

Төмен



Жоғары



Автор: Айжан Әлибекова (A.Alibekova2@jusan.kz)

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz



JUSAN ANALYTICS